



ISSN 2518-7937 (Print)

ISSN 2663-516X (Online)

**BULLETIN**  
**OF THE KARAGANDA UNIVERSITY**

**PEDAGOGY**  
Series

**№ 1(101)/2021**

ISSN 2518-7937 (Print)  
ISSN 2663-516X (Online)  
Индексі 74622  
Индекс 74622

**ҚАРАҒАНДЫ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

---

**ВЕСТНИК**  
КАРАГАНДИНСКОГО  
УНИВЕРСИТЕТА

**BULLETIN**  
OF THE KARAGANDA  
UNIVERSITY

---

**ПЕДАГОГИКА сериясы**

**Серия ПЕДАГОГИКА**

**PEDAGOGY Series**

**№ 1(101)/2021**

Қаңтар–ақпан–наурыз  
30 наурыз 2021 ж.

Январь–февраль–март  
30 марта 2021 г.

January–February–March  
March 30<sup>th</sup>, 2021

1996 жылдан бастап шығады  
Издается с 1996 года  
Founded in 1996

Жылына 4 рет шығады  
Выходит 4 раза в год  
Published 4 times a year

Қарағанды, 2021  
Караганда, 2021  
Karaganda, 2021

*Бас редакторы*

пед. ғыл. канд.

**Г.К. Тлеужанова**

*Жауапты хатшы*

пед. ғыл. канд.

**Д.Н. Асанова**

*Редакция алқасы*

**Б.А. Жетписбаева,** пед. ғыл. д-ры, Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті (Қазақстан);  
**Е.А. Костина,** пед. ғыл. канд., Новосибирск мемлекеттік педагогикалық университеті (Ресей);  
**Б.К. Шаушекова,** пед. ғыл. канд., Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті (Қазақстан);  
**С.Т. Каргин,** пед. ғыл. д-ры, Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті (Қазақстан);  
**Л.А. Шкутина,** пед. ғыл. д-ры, Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті (Қазақстан);  
**Г.О. Тажигулова,** пед. ғыл. д-ры, Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті (Қазақстан);  
**Н.Э. Пфейфер,** пед. ғыл. д-ры, Торайғыров Университеті (Қазақстан);  
**Г.Б. Саржанова,** PhD д-ры, Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті (Қазақстан);  
**С.К. Абильдина,** пед. ғыл. д-ры, Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті (Қазақстан);  
**В. Саргор,** PhD д-ры, Нью-Мексико университеті (АҚШ);  
**А. Миколайчак,** PhD д-ры, Адам Мицкевич атындағы университет, Познань (Польша);  
**Т.В. Машарова,** пед. ғыл. д-ры, Москва қалалық университеті (Ресей);  
**И.А. Федосеева,** пед. ғыл. д-ры, Новосибирск мемлекеттік педагогикалық университеті (Ресей);  
**Д.А. Казимова,** пед. ғыл. канд., Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті (Қазақстан)

*Редакцияның мекенжайы:* 100024, Қазақстан, Қарағанды қ., Университет к-сі, 28

Тел.: (7212) 77-04-38 (ішкі 1026); факс: (7212) 35-63-98.

E-mail: [vestnikku@gmail.com](mailto:vestnikku@gmail.com). Сайт: [pedagogy-vestnik.ksu.kz](http://pedagogy-vestnik.ksu.kz)

*Редакторлары*

Ж.Т. Нурмуханова, С.С. Балкеева, Т.А. Кохановер

*Компьютерде беттеген*

Г.К. Жанбосова

**Қарағанды университетінің хабаршысы. «Педагогика» сериясы.**

**ISSN 2518-7937 (Print). ISSN 2663-516X (Online).**

Меншік иесі: «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген. 30.09.2020 ж. № KZ11VPY00027379 қайта есепке қою туралы куәлігі.

Басуға 29.03.2021 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/8. Қағазы офсеттік. Көлемі 13,87 б.т. Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 21.

«Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды ун-ті» КЕАҚ-ның баспасының баспаханасында басылып шықты.  
100024, Қазақстан, Қарағанды қ., Университет к-сі, 28, тел.: 8(7212) 35-63-16. E-mail: [izd\\_kargu@mail.ru](mailto:izd_kargu@mail.ru)

© Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, 2021

*Главный редактор*

канд. пед. наук

**Г.К. Тлеужанова**

*Ответственный секретарь*

канд. пед. наук

**Д.Н. Асанова**

*Редакционная коллегия*

- Б.А. Жетписбаева,** д-р пед. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);  
**Е.А. Костина,** канд. пед. наук, Новосибирский государственный педагогический университет (Россия);  
**Б.К. Шаушекова,** канд. пед. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);  
**С.Т. Каргин,** д-р пед. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);  
**Л.А. Шкутина,** д-р пед. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);  
**Г.О. Тажигулова,** д-р пед. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);  
**Н.Э. Пфейфер,** д-р пед. наук, Торайгыров Университет (Казахстан);  
**Г.Б. Саржанова,** доктор PhD, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);  
**С.К. Абильдина,** д-р пед. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан);  
**В. Сартор,** д-р PhD, Университет Нью-Мексико (США);  
**А. Миколайчак,** д-р PhD, Университет им. Адама Мицкевича, Познань (Польша);  
**Т.В. Машарова,** д-р пед. наук, Московский городской университет (Россия);  
**И.А. Федосеева,** д-р пед. наук, Новосибирский государственный педагогический университет (Россия);  
**Д.А. Казимова,** канд. пед. наук, Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова (Казахстан)

*Адрес редакции:* 100024, Казахстан, г. Караганда, ул. Университетская, 28

Тел.: (7212) 77-04-38 (внутр. 1026); факс: (7212) 35-63-98.

E-mail: vestnikku@gmail.com. Сайт: pedagogy-vestnik.ksu.kz

*Редакторы*

Ж.Т. Нурмуханова, С.С. Балкеева, Т.А. Кохановер

*Компьютерная верстка*

Г.К. Жанбосова

**Вестник Карагандинского университета. Серия «Педагогика».**

**ISSN 2518-7937 (Print). ISSN 2663-516X (Online).**

Собственник: НАО «Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова».

Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан. Свидетельство о постановке на переучет № KZ11VPY00027379 от 30.09.2020 г.

Подписано в печать 29.03.2021 г. Формат 60×84 1/8. Бумага офсетная. Объем 13,87 п.л. Тираж 200 экз. Цена договорная. Заказ № 21.

Отпечатано в типографии издательства НАО «Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова».

100024, Казахстан, г. Караганда, ул. Университетская, 28, тел.: 8(7212) 35-63-16. E-mail: izd\_kargu@mail.ru

© Карагандинский университет им. акад. Е.А. Букетова, 2021



*Main Editor*

Cand. of ped. sciences

**G.K. Tleuzhanova**

*Responsible secretary*

Cand. of ped. sciences

**D.N. Asanova**

*Editorial board*

- B.A. Zhetpisbayeva**, Doctor of ped. sciences, Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);  
**Ye.A. Kostina**, Cand. of ped. sciences, Novosibirsk State Pedagogical University, Novosibirsk (Russia);  
**B.K. Shaushekova**, Cand. of ped. sciences, Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);  
**S.T. Kargin**, Doctor of ped. sciences, Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);  
**L.A. Shkutina**, Doctor of ped. sciences, Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);  
**G.O. Tazhigulova**, Doctor of ped. sciences, Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);  
**N.E. Pfeyfer**, Doctor of ped. sciences, Toraighyrov University (Kazakhstan);  
**G.B. Sarzhanova**, Doctor PhD, Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);  
**S.K. Abildina**, Doctor of ped. sciences, Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan);  
**Sartor Valerie**, Doctor PhD, The University of New Mexico (USA);  
**A. Mikolaychak**, Doctor PhD, Adam Mickiewicz University, Poznań (Poland);  
**T.V. Masharova**, Doctor of ped. sciences, Moscow City University (Russia);  
**I.A. Fedosseyeva**, Doctor of ped. sciences, Novosibirsk State Pedagogical University (Russia);  
**D.A. Kazimova**, Cand. of ped. sciences, Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov (Kazakhstan)

*Postal address:* 28, University Str., 100024, Karaganda, Kazakhstan

Tel.: (7212) 77-04-38 (add. 1026); fax: (7212) 35-63-98.

E-mail: [vestnikku@gmail.com](mailto:vestnikku@gmail.com). Web-site: [pedagogy-vestnik.ksu.kz](http://pedagogy-vestnik.ksu.kz)

*Editors*

Zh.T. Nurmukhanova, S.S. Balkeyeva, T. Kokhanover

*Computer layout*

G.K. Zhanbossova

**Bulletin of the Karaganda University. «Pedagogy» series.**

**ISSN 2518-7937 (Print). ISSN 2663-516X (Online).**

Proprietary: NLC «Karagandy University of the name of academician E.A. Buketov».

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan.

Rediscount certificate No. KZ11VPY00027379 dated 30.09.2020.

Signed in print 29.03.2021. Format 60×84 1/8. Offset paper. Volume 13,87 p.sh. Circulation 200 copies.

Price upon request. Order № 21.

Printed in the Publishing house of NLC «Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov».

28, University Str., Karaganda, 100024, Kazakhstan. Tel. (7212) 35-63-16. E-mail: [izd\\_kargu@mail.ru](mailto:izd_kargu@mail.ru)

© Karagandy University of the name of acad. E.A. Buketov, 2021

---

## МАЗМҰНЫ — СОДЕРЖАНИЕ — CONTENTS

### ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ТЕОРИЯСЫ ТЕОРИЯ И ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ THEORY AND TECHNOLOGIES OF EDUCATION AND TRAINING

<i>Базарбаев Қ.Қ., Сембиев Қ.З. Данияров Т.Ә. Түркістандық жәдитшілердің ағартушылық қызметі</i> .....	6
<i>Abildina S., Kopbalina K., Musina V., Beisenbayeva A. Features of assessment of primary school students in the context of updated educational content</i> .....	13
<i>Jantassova D.D. Zhdanova E.A. Benchmarking as an effective tool in managing the quality of the educational process at a technical university</i> .....	19
<i>Kazimova D.A., Tussipkhan A., Adilkhan G., Suinkhan A., Tileukhabyl E. Implementation of pedagogical solutions to increase the efficiency of the digitalization of learning at the university</i> .....	26
<i>Kulsharipova Z.K., Syrymbetova L.S., Chekaleva N.V., Matayev B.A., Omarova D.E. Comprehensive support of children with autistic spectrum disorders</i> .....	33
<i>Ақбаева Г.Н., Рамашов Н., Рамашова А.Н., Рамашов О.Н. Экономикалық интеграциялық үдерістердің дамуы жағдайында инновациялық кадрлық әлеуетті қалыптастыру ерекшеліктері</i> .....	41
<i>Сырымбетова Л.С., Муратова Л., Сергеева В.В., Бутенова К.С. «Рухани жаңғыру» құндылықтарын ілгерілетудегі ЖОО әлеуеті</i> .....	51
<i>Abeldina Zh.K., Moldumarova Zh.E., Abildina G.Sh. , Abeldina R.K. Rating as an indicator of the quality of a teacher's professional activity</i> .....	57
<i>Jan Danek, Shaushekova B.K., Ibrayeva E.S. Advantages of joint work of school with organizations of supplementary education at different historical stages</i> .....	66
<i>Костина Е.А., Тлеужанова Г.К., Джолданова Д.К. Вопросы формирования акмеологической компетенции будущих учителей иностранных языков в условиях вуза</i> .....	73

### ТІЛДІК БІЛІМНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ҚОЛДАНБАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТЕОРЕТИКО-ПРИКЛАДНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОВОГО ОБРАЗОВАНИЯ THEORETICAL AND APPLIED PROBLEMS OF LANGUAGE EDUCATION

<i>Kitibayeva A.K., Zhankuatova S.M., Assakayeva D.S. Social networks as a means of speech culture development of students in foreign language teaching</i> .....	79
<i>Lee S.J., Pak D. Effects of sequence and storytelling methods on EFL development of an adult learner</i> .....	86
<i>Рунги Н.А., Сидорова Л.А. Использование мнемотехнических приемов для запоминания тона китайских иероглифов</i> .....	93
<i>Morosh A.M., Tarasovskaya N.E., Kabdolova G.K., Khamzina Sh.Sh., Solovyev S.A. The use of multilingualism in excursion classes in biology (on the example of the greenhouse of the children's and youth center for ecology and tourism)</i> .....	99

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР — СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ — INFORMATION ABOUT AUTHORS .....	109
--	-----

---

# ТӘРБИЕЛЕУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ТЕОРИЯСЫ

## ТЕОРИЯ И ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ

### THEORY AND TECHNOLOGIES OF EDUCATION AND TRAINING

DOI 10.31489/2021Ped1/6-12  
ӨОЖ:958.4

Қ.Қ. Базарбаев<sup>1\*</sup>, Қ.З. Сембиев<sup>2</sup>, Т.Ә. Данияров<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

<sup>2</sup>Bolashak академиясы, Қарағанды, Қазақстан

ORCID 0000-0003-0058-2322<sup>1</sup>

ORCID 0000-0002-9049-2410<sup>2</sup>

ORCID 0000-0002-8039-5314

(Хат-хабарларға арналған автор. E-mail Talgat.Daniyarov@ayu.edu.kz)

### Түркістандық жәдитшілердің ағартушылық қызметі

Орта Азиядағы жәдитшілікті XIX ғ. соңы мен XX ғ. бас кезінде Шығыстың көптеген елдерінде пайда болып қалыптасқан ұлт прогресшілері зиялыларының реформаторлық қозғалыстарының аймақтық көрінісі ретінде бағалаған орынды. «Жәдит» ұғымы «усул-и-дждит» («Жаңа тәсіл») мағынасында пайда болып, еуропалық үлгімен жаңаша оқыту дегенді танытады. Жәдитшіліктің осы ағартушылық мазмұны өлкедегі қоғамдық-саяси ахуалдың дамуы барысында ескі әлеуметтік және саяси жүйенің мәртебесін өзгертіп, оған тың сипат беру түрінде өзгеріске түсті. Сонымен, өлкедегі жәдитшіліктің қалыптасуы мен қызметіндегі сапалы өзгерістерге қарай, оны мәдени ағартушылық және саяси күрес кезені деп екіге бөліп қарастырған. Жәдитшілердің ағартушылық идеялары өлкеде білім беру жүйесін қазіргі заманғы модульдерге лайықтап реформалау қажеттілігін туғызды. Әрине, бұндай реформаларды өлкедегі отарлық билік те қолға алған болатын. Білім беру жүйесін реформалауды іске асыруда отарлық мүддені көздеген патша өкіметі ұлы орыстық шовинизмнің қағидасына сүйенді. Мақалада жәдитшілік қозғалысқа қатысты жаңа көзқарастар, Орта Азиядағы ұлт-азаттық идеологияны қалыптастырған ағартушылық идеялары, сондай-ақ ұлт-азаттық қозғалыстың саяси бағдарламалары мен стратегиялық мақсаттары қарастырылған.

*Кілт сөздер:* Орта Азия, Түркістан, Ресей, білім беру, мектептер, қазақ зиялылары, жәдитшілік, патша өкіметі, ағартушылық, ұлт-азаттық қозғалыс.

### *Kipicne*

Жәдитшілердің «Шухрат» газеті жергілікті халықтарға білім беру мәселесін өткір қоя отырып: «Біздер, мұсылмандар, қазіргі уақытта білім беру ісінде және азаматтықта барлық халықтардан артта қалдық», «Біздерді, мұсылмандарды» тұтқын шынжырынан азат ету үшін бір-ақ нәрсе қажет. Ол — біздерді және балаларымызды ағарту» деп атап көрсетеді.

Тарихи өлкедегі дәстүрлі оқу орындары және екі ғасыр тоғысында жаңадан ашылған оқу орындарының кең жүйесімен жергілікті халықтың сауаттылық деңгейін көтерді. XX ғ. басында өлкеде барлығы 5892 мектеп пен 353 медресе болған. Жергілікті тұрғындардың сауаттылығын патша әкімшілігінің өзі мойындаған. Негізінде, жәдитшілер саяси ұстанымдарында Ресейден бөлектенуге ұмтылған жоқ, мәселе — отаршылық бұғауын бұзудағы мұсылмандық ынтымақтастық туралы болды. Орта азиялық мұсылмандар үшін Ресейдің басқа аймақтарындағы және дүниежүзіндегі мұсылмандармен өздерінің рухани және мәдени тұрғыдан біртұтастығын сезінуде ислам факторы — олардың саяси сана сезімінің индикаторы болды [1]. Отарлық биліктің өлкеде білім беру ісін жаңалауына балама ретінде дүниеге келген түркістандық жәдитшілердің ағартушылық қызметі

реформаторлық сипат алып, өлкедегі халық ағарту үдерісіне тікелей ықпал жасаған еді. Олар ортағасырлық схоластикадан арылмай келе жатқан дәстүрлі оқыту жүйесін жаңа әдіспен оқытатын («Усули совтия») мектептер жүйесімен ауыстырды. Ол мектептер жаңа әдіс мектептеріне («Усули джадит мактаблари») айналып, дін негізінен басқа жаратылыстану пәндері, орыс, араб, парсы тілдері оқытылып, зиялы білім берудің бастамасы қалыптасты. Басында жәдиттік мектепте татар және эзербайжан ағартушыларының оқулықтарын пайдаланса, кейін Түркістан жәдитшілері ондай оқулықтар мен оқу құралдарын өздері шығарған. Мысалы, 1903–1904 жж. Махмудқожа Бехбудидің «Китабул-атфол» («Балаларға арналған кітап»), «Мухтасири жуғрофия Русия» («Қысқаша Ресей географиясы») кітаптары, кейінгі жылдары Абдолла Авлонидің «Муаллими аввал» («Алғашқы мұғалім»), «Муаллими соний» («Екінші мұғалім») және тағы басқа кітаптары жарық көрсе, 1905 ж. өлкедегі жәдит мектептерінің саны 35-ке жеткен [2].

XIX ғ. аяғында Батыс Түркістан көлемінде жәдиттік мектептер сирек құбылыс болса, тек қана Түркістан өлкесінде түрікшілдік идеялардың кең тарауына әсер еткен жәдиттік мектептердің саны 1911 ж. 63-ке жетіп, оларда 4106 оқушы оқыған. Олар: Сырдария облысында — 16 мектеп (1650 оқушы), Ферғанада — 30 (1436 оқушы), Самарқандта — 5 (195 оқушы) және Жетісуда — 12 (825 оқушы) мектеп болған [3].

Түркістан өлкесіндегі ағартушылық мақсатты көздеген жәдитшілерге қозғалыстың саяси ағымға айналуы өз кезегінде Түркия қоғамындағыдай мұсылмандық бірлік идеясы саясат сахнасына шығады. Бұл саяси ағымдар алғашқы кезекте өлкедегі отарлық билікті демократияның тәсілдерімен реформалау барысында саяси талаптарды ұлттық идея деңгейіне көтерді.

#### *Зерттеу әдістері*

Тақырыпты зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздемесінде авторлар қазіргі заманғы тарих ғылымдарының жетістіктеріне сүйене отырып тарихи және педагогикалық зерттеулердің іргелі тұжырымдарын басшылыққа алған. Зерттеу барысында тарихи оқиғалар мен құбылыстар, азаттық қозғалыстың жекелеген тұлғаларының қоғамдық-саяси қызметі индукция мен дедукция, тарихи-салыстырмалы, жүйелік-құрылымдық, теориялық таным сияқты жалпы ғылыми зерттеу тәсілдері қолданылып, тұжырымдалды. Саяси тарих өткен күннің тарихи-саяси және әлеуметтік-мәдени дәйектерінен ой қорытқанда барынша шынайы болуды, саяси-идеологиялық феномендердің көптүрлі және қарама-қайшылықты жағдайын ескеруді талап етеді. Сондықтан зерттеу нысанының көпнұсқалығы, олардың өзара байланысы мен ішкі тәуелділігі сияқты ерекшеліктер ескерілді. Зерттеуде дәстүрлі тарихи танымдағы білімдерді толықтыратын, белгілі бір тұжырымдарды теріске шығаратын немесе оны қуаттайтын тарихнамалық талдаулар мен педагогика ғылымының оқыту әдістемесі бойынша теориялық қағидалар тәсілі қолданылды.

#### *Нәтижелері мен оларды талқылау*

Қазақ жаңашылдары А.Байтұрсынның («Оқу құралы», «Тіл құралы», «Тіл жұмсар», «Баяншы»), М. Дулатовтың («Есеп құралы», «Қирағат»), Ж.Аймауытовтың («Тәрбиеші жетекші»), Х. Досмұхамедовтың («Қазақ халық әдебиеті», «Адамның тән тірлігі»), М. Жұмабаевтың («Педагогика», «Сауатты бол», «Бастауыш мектепте ана тілі») оқу құралдары жарық көрді. Қазақ жәдитшілері бастауыш мектеп мәселесіне көңіл бөліп, М. Нұрбаевтың «Қазақша әліппесі» (Уфа, 1910), З. Ерғалиевтың «Қазақ әліппесі» (Қазан, 1910), Қ. Қожықовтың «Қазақ әліппесі» (Орынбор, 1912) оқу құралдары жарыққа шыққан. Қазақ даласында құрылған «Ағарту қоғамының» мәдени-ағартушылық рөлі өте зор болды. Бұл ұйым XIX ғ. соңына таман құрылып, Қазақстанның көпшілік қалаларында бөлімшелерін ашады [4].

Қазақ зиялыларының бір тобы (М.Ж. Көпеев, Ғ. Қараш, М. Қошманов, Ғ. Мұсағали және т.б.) осы жәдиттік оқу орындарын (Қазан, Уфа қалаларындағы медреселер) тәмамдап, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласты. Жәдитшілік құбылысы қазақ мәдениетінің рухани тәжірибесінде үлкен ізін қалдырды. Қазақ зиялыларының отаршылдыққа қарсы санасы жарқ етіп көрініс тапқан реформашыл либерал-демократтық сипаттағы бір тобы (Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Әуезов, Ж. Ақбаев және т.б.) бастапқыда «Қазақ» газетіне топтасып, кейіннен «Алаш» ұлттық қозғалысын басқарып, Алаш Орда үкіметін құрды. Олар жалпыресейлік федерация құрамында қазақтардың тең құқықтығын талап етіп, жерді басып алуды тоқтатуды, орыстандыру саясатына қарсы ұлттық-мәдени тиесілікті сақтауды ұран қылып көтерді [5].

Жәдиттік мектептердің дәстүрлі оқу орындарынан артықшылықтары онда білім алған оқушы бірнеше айда сауаттанып шығады, оның үстіне бұл мектептерде қазіргі замандағыдай арнайы сынып бөлмелері жабдықталып, географиялық карта, глобус, есепшот, карта, тақта және т.б. оқу құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілгендігінде еді.

Отарлық билік ұлттық мектептерден, жәдиттік мектептердің де қызметінен отаршылыққа қарсы күресті күшейтеді деп қауіптеніп, ол мектептердің қызметін шектеуге ұмтылды. Әйтсе де, патша өкіметі өлкедегі халық ағарту саясатына түзету енгізуге мәжбүр болды. Отарлық әкімшілік ұлт мектептерін бақылауда ұстау мақсатында өлкелік оқу орындары басқармасының жанынан арнайы комиссия құрды. Комиссия ұсынысымен жаңа әдісті мектептерді басқару жөнінде жалпы ережелер қабылданды. Генерал-губернатор А.И. Семенов 1912 ж. 25 қаңтарда бекіткен ережеде «Жалпы білім беретін жаңа әдіс мектептері халық училищелері инспекциясының рұқсатымен ашу, мектептердің құрылтайшылары болған қалалық, ауылдық қауымдарға ол мектептерде балаларды оқытуда жалпы мемлекеттік орыс тілін енгізу ұсынылсын» деген талаптар белгіленді [6]. Отарлық әкімшіліктің озбырлық саясаты Түркістан жәдитшілері бас болған интеллектуалдық, мәдени, рухани сипаттағы қуатты жаңашыл ағыммен бетпе-бет келді. Түркістанда XIX ғ. соңы XX ғ. басында өсіп шыққан көпестер, зиялылар мен діндарлардың білімді жаңа буыны алғаш рет отарлық биліктің «заңдылығына» күмәнмен қарауының осындай саяси жағдайы болғандығын ескеруіміз керек.

Діндар отбасында туып, жоғары дәрежелі діни білім алған Махмудқожа Бехбуди ол 1899 ж. 25 жасында қажылық сапар жасап, Ресей қалаларында, Қырым жерінде, Иран, Түркия, Египет елдерінде болып, осы елдердегі халықтың қоғамдық-саяси жағдайымен танысады. Бұл жағдай оның Түркиядағы қоғамдық-саяси өзгерістерді жіті қадағалап, жастүріктер қозғалысының идеяларымен тікелей танысуына мүмкіндік берді. Ол жастүріктер қозғалысы өкілдерінің ізімен, жәдитшілік идеяларды тарату, насихаттау мақсатында «Самарқанд» газеті мен «Айна» журналын жарыққа шығарып, «Садойи Туркистон», «Садойи Фаргона», «Хуршид» газеттерінде өткір саяси әлеуметтік мәселелер көтерген мақалалар жариялап, Түркістанның жағдайымен салыстыра талдауға мүмкіндік алды. «Ойна» («Айна») журналының 15-ші санында жарияланған «Саяхат естеліктерінде» М.Бехбудидің саяси көзқарастары баяндалды. Алғашқы қажылық сапарынан мұсылман елдерінде де әлемдік өркениетпен үндес прогресс жасау үшін көп нәрсені өзгертуге, жетілдіруге болатындығына сеніммен оралды. Ол екінші рет 1903–1904 жж. Петербург, Мәскеу, Қазан, Орынбор қалалары және Қырым жеріне сапарға шығып осы сапарында Исмаил Гаспралымен танысты. Бұл таныстық оның қоғамды қайта құру жоспарына түзету енгізеді және осы жолға түпкілікті бағыттайды. Осы жолдағы ағартушылық қызметін Махмудқожа Бехбуди 1905 ж. Самарқанд облысының Кафтархона қыстағында жаңа әдісті мектеп ұйымдастырып, онда қырықтан астам шәкіртті тегін оқытудан бастады [7]. Бехбудидің осы кезде жарық көрген мақалаларында өлкеде мектеп жұмысын реформалау жобасына көңілі толмай, оны одан әрі жетілдіруге деген ұмтылысты аңғаруға болады.

Осындай идеялардың жетегімен 1914 ж. екінші рет қажылық сапарға шығып, бұл жолы Түркия, Египет және басқа да елдерде сегіз ай болады. Оның бұл жолғы қажылық сапары оның ағартушылық және саяси көзқарастарын қалыптасуы тұрғысында аса жемісті болды. Өлке жәдитшілері арасында Түркиямен тікелей байланыста болып, жастүріктер идеясының ықпалына тартылған санаулы тұлғалардың бірі болған Бехбудидің Түркістанның саяси жағдайына көзқарасын өз халқының прогресін тек ағартушылықпен, оның саяси статусын түбірімен өзгерту және тәуелсіздік алуымен байланыстырғандығынан танимыз. Ол мақалаларында, саяси қызметінде отарлық саясатты әшкереледі және Уақытша үкіметті, оның заңдарын аяусыз сынға алды.

Алғашқы жәдиттік мектептерді 1898 ж. Қоқан қаласында Салохаддин домла ашқан болатын, 1889 ж. бұл бастаманы Ташкентте Маннан қары, Андижанда Шамшидин домла жалғастырды. 1911 ж. Түркістанда жаңа тәсілді мектептер саны 63-ке, онда оқитын оқушылар саны 4106-ға жетті. Соның ішінде Жетісу облысында 5 мектеп жұмыс істеді [8]. Бұл мектептердің басты артықшылығы — олар толық мәндегі еуропалық мектептерге лайық болмағанмен, онда тақта, парта, глобус сияқты қазіргі заманғы құрал жабдықтар орын алды. Ең бастысы ескі мектептермен салыстырғанда балалар 40 күн ішінде сауаттанып шығуына мүмкіндік беретін оқыту тәсілінде еді. Қарапайым сауат ашудың осындай қолжетімдігін ұсынуы жәдиттік мектептерді халықтың арасына кеңіне танымал етті.

Түркістандағы жәдиттік мектептердің дамуына Исмаил Гаспыралы, Маржани, т.б. негізін қалаған Еділ бойы жәдитшілерінің үлкен ықпалы болғандығын айғақтайды.

Отарлық биліктің әкімшілігі Еділ бойынан Түркістанға келіп, ағартушылықпен айналысатын осы жастарға «пантүркизм» мен «панисламизм» идеяларын таратушы деген күдікпен оқытушылық қызметпен айналысуларына тыйым салды.

Жәдиттік мектептерге «қадимшілердің» — дәстүрлі оқыту жүйелік қолдаушылардың өршелене қарсы тұруының басты себебі, онда сабақ араб тілімен бірге өзбек, қазақ, тәжік тілдерінде жүргізілгендігінде еді. Тіпті кейбір мектептерде орыс тілі жеке пән ретінде оқытыла бастады. Мунауар қарының жәдитшілік қозғалыстағы рөлі оқытушылықпен шектелген жоқ. Ол жаңа мектептер ашып, кітаптар мен оқулықтар жазды. Шетелде оқитын жастарға көмек көрсетті. Оның философиялық және педагогикалық ойлары мен идеяларын іске асыруға құрылды. 1907 ж. өзінде ол «Адиби аввал» («Алғашқы мұғалім»), «Адиби сони» («Екінші мұғалім»), «Ер юзи» («География»), «Хавойжи диния» («Дін ережелері») кітаптарын жарыққа шығарды.

Жәдитшілердің ағартушылық идеяларының қалыптасуына Ресейдің өзге өңірлерінен келген ағартушылардың да ықпал-әсері болғаны сөзсіз. Айталық, 1905 ж. Ташкент қаласына Бүкілресей мұсылмандары Орталық комитеті бюросының мүшесі Абдурашит Ибрагимов келіп жұмыс жүргізген. Сол сияқты 1908 ж. Каирге кетіп бара жатқан сапарында жәдитшіліктің негізін қалаушы, М.Бехбудиң ұстазы әрі досы Исмаил Гаспыралы самарқандық жаңа тәсілді мектептердің жұмысымен танысқан болса, 1910 ж. белгілі татар жәдитшісі Садри Максуди Түркістан өлкесін түгел аралап шықты.

Түркістан жәдитшілерінің арасында этникалық, конфессиялық мәселелерге де баса мән берілді. Содан да өлкедегі осы мәселелерді реттеу, оның болашақ даму бағыттарын айқындауда жәдитшілер жастүріктер мен Египет реформаларының ізімен ұлттық даралықты және ерекшеліктерді сақтай отырып, еуропалықтардың саяси тәжірибесіне сүйену қажеттілігін сезінді. Осылайша жәдиттер әлеуметтік құрылым қағидаларының үлгілерімен арақатынасын салыстыруға мүмкіндік алды. Конституциялық монархияны, шариғат қағидаларын жергілікті басқаруға ішінара қолданудан исламдық нормалар мен халықтық-демократиялық құрылыстың қатар өмір сүруіне дейінгі таңдау [9] өлкедегі саяси-әлеуметтік дамудың болашағын ойлаған әрбір ұлт патриотын толғандырды.

Ұлт мәселесі жәдитшілердің бағдарламаларында барлық этностың бірлігі шеңберінде қарастырылған. Бұл ұғым тым тұрпайы көрінгенімен олардың ұлттық санасы этникалық өзін-өзі тануды «миллат», «мұсылмандар», «түркістандықтар», «тұрандықтар» деп қабылдады. Айталық, «миллат» ұғымы Түркістан, Бұхара және Хиуа хандығын мекендеген түркі және ирантілді халықтарды танытса, «мұсылман» ұғымы барлық діндестерге арналғандықтан діни ұғыммен шектелмей Түркістанды мекендеген түрлі және иран тілді халықтарды топтастырады. Жәдитшілер мұсылмандық бірлік жөнінде сөз еткенде діни емес, этникалық бірлікті алға тартты. М.Бехбуди «орыстар», «еврейлер» деген этникалық терминдермен қатар «мұсылман» терминін қолданды [10].

Этникалық негіздегі бұндай топтасу жолы татар жәдитшілеріне де тән. Д.М. Исхаков XIX ғ. ортасына дейін татарлардың этникалық өзін-өзі тануы «мұсылман» деген ұғыммен бүркемеленіп келді деп жазады. Американдық зерттеуші Шамил Оглы Улидің жазуы бойынша орыстар тарапынан қорлау түрінде аталғандықтан да татарлар өздерінің мұсылман деп атағанды артық көрген. Түркістанда да осындай жағдай қалыптасты. «Сарт» деген сөзге отарлық билік жеккөрінішті мазмұн бергендіктен жергілікті халық өзін «мұсылман» деп атағанды жөн санағандығын М. Бехбуди де айтады. Оның осы этникалық бірлікке қатысты ой пікірлері «Қозоқ қариндошларимизга очик хат» мақаласында одан әрі өрбітіледі. Ол «Біз бәріміз, қырғыздар, қазақтар, өзбектер, арабтар, парсылар, Түркістан, Қазақстан мен Түркменстанды мекендеген барлық мұсылмандар, сонымен бірге осында өмір сүретін еврейлер мен христиандар автономия құру және нығайту үшін бірігуіміз керек.

Егер біз өз еркімізге, шариат пен дәстүрлерімізге сай өмір сүргіміз келсе уақытша алауыздықы лақтырып тастап автономия үшін бірігуіміз керек» [11]. Ортағасырлық жәдитшілердің түркілік бірлік идеясы жаңа емес еді және ол өлкенің шеңберінен әлдеқашан шығып кеткен болатын. Бұған әсіресе ресейлік жәдитшілердің, соның ішінде татарлардың ықпалы күшті болды. Ресей империясы Ішкі істер министрлігінің «Ерекше кенестің» материалдарында 1910 ж. «қазандық прогресшіл татарлар уақыт өткен сайын орыс мұсылмандарының діни негіздегі жалған тайпалық бірлікті жасанды түркі-татар тіліндегі бір ұлтқа біріктіруге ұмтылуда» деген қорытынды кездеседі. Қазан губернаторы ресми құжаттарда интеллигенцияның «мемлекет ішінде діни-ұлттық автономия идеясымен ауырғандығын және панисламдық, пантүркішілік бірлікке ұмтылатындығын» жазды.

*Тұжырым*

Тарихи тұжырымдамаларымызды ұлт-азаттық қозғалыстың саяси кезеңінің басталуын өлкедегі I Ресей Мемлекеттік думасы сайлауымен байланыстырамыз. Өйткені, осы сайлауға дайындық барысында өлкедегі ұлт зиялылары алғашқы рет саяси идеялар төңірегіне топтаса бастаған. Осыдан кейінгі кезеңде жәдиттік қозғалыс саяси сипат ала бастап, Бүкілресей мұсылмандары Орталық кеңесінің ықпалымен аймақтық деңгейден шығып, қызмет аясын кеңейте түсті. 1908–1916 жж. өлкедегі саяси қозғалыстың өрлеуі барысында ұлттық баспасөздің қаулап өсуі халықтың саяси санасын жоғары деңгейге көтере алды. Ал 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілістің басып-жаншылуы саяси күресті жаңа сапалық деңгейге көтеріп, оның стратегиялық мақсаттары мен тактикалық тәсілдеріне түзетулер енгізді. Осылайша, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы саяси ұйымдасқандық сипат алып, елдегі жаңа өзгерістерге дайындала бастады.

Осындай негізде Түркістан өлкесінде ХХ ғ. бас кезінде жергілікті халықтардың түрлі саяси, ағартушылық ұйымдары құрыла бастаған. Ағартушылық бағыттағы бұл ұйымдар қоғамдық-саяси даму барысында қызмет ауқымын кеңейтіп, отаршылыққа қарсы күрес дәлелдерін бағдар еткен саяси, қуатты қозғалыстарға ұласты. Ондай үйірмелердің қуатты қозғалысқа айналуын Түркиядағы жастүріктер, Ирандағы жаспарсылар, Бұқарадағы жасбұқарлықтар сияқты саяси қозғалыстардың ықпал әсері болды. Саяси қозғалыстағы осы шығыстық фактордың басым болуы өлкедегі ұлттық ұйымдардың жәдитшілік, мұсылмандық және түркішілдік деген үш бағытын айқындайды. Ол бағыттардың ұстанған позицияларына қарай сипаттық, мазмұндық ерекшеліктері болды. Мысалы Бехбуди, Мұнауар қары бастаған жәдитшілердің діни білім беруді реформалауға бағытталған іс-әрекеті қоғамдық өмірді демократиялық жолмен жаңарту бағытына ойыса берді.

Ақпан төңкерісінен кейінгі съездерде өлкенің мемлекеттік құрылымы туралы өрбіген пікірталаста Бехбуди болашақ федеративті Ресей құрамындағы Түркістанды «Ташкентте Түркістанның бес уалаятының әр қаласы мен уезінен бірнеше адамнан сайланған Орталық және Мәжіліс болады, олар заң шығару және заңның орындалуы, барлық салық төлеу үдерістерімен айналысады. Бұл Мәжіліс орыс үкіметі мен мұсылмандар арасында дәнекер болады... Әрине, өкілдер мен депутаттардың көпшілігі мұсылмандар, азшылығы орыстар болуы тиіс, ал іс бұйрық немесе күштеу тәсілдерімен емес, келісіммен орындалуы қажет» деген саяси көрегендік ұсыныстар жасайды. Бехбудидің бұл идеялары 1917 ж. 12–14 шілдеде Скобелев (*қазіргі Маргелан қаласы*) қаласында «Түрк Адами марказияти» (Түрік федералистері) партиясы қабылдаған «Автономия жобасы» деп аталған бағдарламалық құжатта одан әрі өріс алды. Бұл құжаттың дайындалуы жөнінде М.Шоқай: «Ұлттық орталық» Шахислам Шахметбекке Түркістан автономиясына қажетті материал дайындап, ұсынуды тапсырды. Бұл жұмыста оған Махмудқожа Бехбуди мырза, Убайдулла қожа көмектесті» деп атап көрсетеді.

Бехбуди Бүкілресейлік мұсылмандық қозғалыстың идеяларына сенгендіктен және оның ұстанымдарын жан сала қорғағандықтан да бұл құжатта Ресейдің федерациялық мемлекеттік құрылымында Түркістанның автономиялық дербестік алуына жете көңіл бөлінді. Сондықтан да Бехбуди осы құжат арқылы «Ресейден қол үзбей-ақ ресейлік мұсылмандар федерацияға қол жеткізуі тиіс, әсіресе, бізге түркістандық мұсылмандарға ең алдымен «қадимшылар» мен «жәдиттердің» теке-тіресінен бас тартып, біртұтас одақ құруы қажет» деп отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресте саяси бірлік керектігін насихаттады. Бехбуди ұлт-азаттық қозғалысты діндік, этникалық негізде жікке бөлу күресті әлсірететіндігін жақсы біліп, бүкіл Түркістанды біріктіру ешқандай қантөгіске жол бермейді, жер мен мүлік бөліске түспейді, нәтижесінде әлеуметтік-экономикалық прогреске жетелейтін әлеуметтік сілкіністерге жол бермейді деп сенді.

Қорыта айтқанда, Отарлық биліктің өлкеде білім беру ісін жаңалауына балама ретінде дүниеге келген түркістандық жәдитшілердің ағартушылық қызметі реформаторлық сипат алып, өлкедегі халық ағарту үдерісіне тікелей ықпал жасаған еді. Олар ортағасырлық схоластикадан арылмай келе жатқан дәстүрлі оқыту жүйесін жаңа әдіспен оқытатын («Усули совтия») мектептер жүйесімен ауыстырды. Ол мектептер жаңа әдіс мектептеріне («Усули джадит мактаблари») айналып, дін негізінен басқа жаратылыстану пәндері, орыс, араб, парсы тілдері оқытылып, зиялы білім берудің бастамасы қалыптасты. Басында жәдиттік мектепте татар және әзербайжан ағартушыларының оқулықтарын пайдаланса, кейін Түркістан жәдитшілері ондай оқулықтар мен оқу құралдарын өздері шығарған. Мысалы, 1903–1904 жж. Махмудқожа Бехбудидің «Китабул-атфол» (Балаларға арналған кітап), «Мухтасири жуғрофия Русия» (Қысқаша Ресей географиясы) кітаптары, кейінгі жылдары



Абдолла Авлонидің «Муаллими аввал» («Алғашқы мұғалім»), «Муаллими соний» («Екінші мұғалім») және тағы басқа кітаптары жарық көрсе, 1905 ж. өлкедегі жәдит мектептерінің саны 35-ке жеткен.

Қазақ зиялыларының бір тобы (М.Ж. Көпеев, Ғ.Қараш, М.Қошманов, Ғ.Мұсағали және т.б) осы жәдиттік оқу орындарын (Қазан, Уфа қалаларындағы медреселер) тәмамдап, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласты. Жәдидизм құбылысы қазақ мәдениетінің рухани тәжірибесінде үлкен ізін қалдырды [12, 12].

Қазақ зиялыларының отаршылдыққа қарсы санасы жарқ етіп көрініс тапқан реформашыл либерал-демократтық сипаттағы бір тобы (Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Әуезов, Ж.Ақбаев және т.б) бастапқыда «Қазақ» газетіне топтасып, кейіннен «Алаш» ұлттық қозғалысын басқарып, Алаш Орда үкіметін құрды [13, 9]. Олар жалпыресейлік федерация құрамында қазақтардың тең құқықтығын талап етіп, жерді басып алуды тоқтатуды, орыстандыру саясатына қарсы ұлттық-мәдени тиесілікті сақтауды ұран қылып көтерді.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Галузо П. За большевистскую концепцию восстания 1916 года в Средней Азии. (К 15-летию восстания) / П. Галузо. // Туркменоведение. — № 7-9. — 1931. — С. 26.
- 2 Алимова Д.А. История как история, история как наука / Д.А. Алимова. — Ташкент: Узбекистан, 2009. — 184 с.
- 3 De Lagerd, H.A. The revolt of the Basmachi according to Red Army Journals (1920–1922). Central Asian Survey. — 1987. — P. 56.
- 4 Айқап. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. — 26 б.
- 5 Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане // Сб. док. ред. колл. А.В. Пяковский (отв. ред.). — М.: АН СССР, 1960. — 79 с.
- 6 Турсунов Х. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане / Х. Турсунов. — Ташкент: Госиздат УзССР, 1962. — 428 с.
- 7 Чариев У. Усиление колониальной политики и национального гнета и их последствия в Туркестане в начале XX века (на примере мобилизации на тыловые работы): автореф. дис. ... д-ра ист. наук / У. Чариев. — Ташкент, 1999. — 60 с.
- 8 Додонов А. Февральская революция в Средней Азии / А. Додонов // Сб. «Революция глазами современников». — Ташкент, 1991. — 104 с.
- 9 Шоқай М. Таңдамалы [2 томдық] 1-т. / М. Шоқай. — Алматы: Қайнар, 1998. — 64 б.
- 10 «Турк сузи» газеті. — 1918. — мамыр.
- 11 Kuran A.B. Inkilap tarihimiz ve Ittihat ve teraki. — Istanbul, 1948. — 375 s.
- 12 Қыдыршаев А.К. А. Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы: пед. ғыл. канд. ... дис. автореф. / А.К. Қыдыршаев. — Алматы, 1995. — 25 б.
- 13 Кошенова Р. Педагогические взгляды М. Жумабаева: автореф. дис. ... канд. пед. наук / Р. Кошенова. — Алматы, 1997. — 24 б.

К.К. Базарбаев, К.З. Сембиев, Т.А. Данияров

### Образовательная деятельность туркестанских джадидов

Национальные прогрессивисты, появившиеся в большинстве стран Востока в конце XIX — начале XX вв., оценивали среднеазиатский джадидизм как отражение реформаторского движения местной интеллигенции. Понятие «джадид», образованное от арабского «усул-и-джадит» («новый метод»), означает новые способы обучения по примеру европейского образования. Такое просветительское содержание джадидизма в процессе общественно-политического развития страны изменило статус старой социальной и политической системы, предоставив ей новый, оригинальный характер. Вместе с тем процесс формирования и качественных изменений джадидизма в стране можно разделить на два периода: культурно-просветительский и период политической борьбы. Просветительские идеи джадидизма породили необходимость реформировать систему образования в стране в соответствии с современными моделями. Естественно, такие реформы взяли на вооружение и колониальные власти в стране. В процессе реализации реформы системы образования царское правительство, защищавшее колониальные интересы, в своих действиях опиралось на принципы великорусского шовинизма. В статье рассмотрены новые взгляды на джадидское движение, просветительские идеи, сформировавшие национально-освободительную идеологию в Средней Азии, а также политические программы и стратегические цели национально-освободительного движения.

*Ключевые слова:* Средняя Азия, Туркестан, Россия, образование, школы, казахская интеллигенция, царское правительство, просветительство, национально-освободительное движение.

K.K. Bazarbayev, K.Z. Sembyev, T.A. Daniyarov

## Educational activity of Turkestan Jadids

The national progressives who have appeared in the majority of the countries of the East at the end of the XIXth beginning of the XXth centuries estimated the Central Asian Jadidism as reflection of the reformatory movement of the local intellectuals. The concept «jadid» formed from Arab «usul-and-jadid» («new method») designates new ways of learning in an example of the European education. Such educational maintenance of Jadidism in the course of social and political development of the country has changed the status of old social and political system, having provided her new, original character. Together with it, process of formation and high-quality changes of Jadidism in the country can be divided into two periods: cultural and educational and period of political struggle. The educational ideas of Jadidism have generated need to reform an education system in the country according to modern models. Naturally, such reforms have adopted also the colonial authorities in the country. In the course of education system reform realization the imperial government protecting colonial interests in the actions relied on the principles of Great Russian chauvinism. This article deals with the new views on jadid movement, educational ideas which created national liberation ideology in Central Asia and also political programs and strategic objectives of national liberation movement.

*Keywords:* Central Asia, Turkestan, Russia, education, schools, Kazakh intellectuals, imperial government, enlightenment, national liberation movement.

### References

- 1 Galuso, P. (1931). Za bolshevistskuiu kontseptsiiu vosstaniia 1916 hoda v Srednei Azii. (K 15-letiiu vosstaniia) [For the Bolshevik concept of the 1916 uprising in Central Asia (To the 15th anniversary of the uprising)]. *Turkmenovedenie — Turkmenology*, 7-9, 26 [in Russian].
- 2 Alimova, D.A. (2009). *Istoriia kak istoriia, istoriia kak nauka [History as history, history as sciences]*. Tashkent: Uzbekistan [in Russian].
- 3 De Lagerd, H.A. (1987). The revolt of the Basmachi according to Red Army Journals (1920–1922). *Central Asian Survey*, 56.
- 4 Aikap. (1995). *Qazaq entsiklopediiasi [Kazakh Encyclopedia]*. Almaty [in Kazakh].
- 5 Pyaskovskii, A. (Ex. Ed.). (1960). *Vosstanie 1916 hoda v Srednei Azii i Kazakhstane. Sbornik dokumentov [Revolt in 1916 in Central Asia and Kazakhstan. Collection of documents]*. Moscow: Akademiia nauk SSSR [in Russian].
- 6 Tursunov, H. (1962). *Vosstanie 1916 hoda v Srednei Azii i Kazakhstane [Revolt in 1916 in Central Asia and Kazakhstan]*. Tashkent: Hosudarstvennoe izdatelstvo Uzbekskoi SSR [in Russian].
- 7 Chariyev, U. (1999). Usileniie kolonialnoi politiki i natsionalnoho hneta i ikh posledstviia v Turkestane v nachale XX veka (na primere mobilizatsii na tylovyie raboty) [Strengthening colonial policy and national oppression and their consequences in Turkestan at the beginning of the twentieth century (on the example of mobilization for rear services)]. *Extended abstract of Doctor's thesis*. Tashkent [in Russian].
- 8 Dodonov, A. (1991). Fevral'skaia revoliutsiia v Srednei Azii [February revolution in Central Asia]. *Sbornik. Revoliutsiia hlazami sovremennikov — Collection. Revolution eyes of contemporaries*. Tashkent [in Russian].
- 9 Shokay, M. (1998). *Tandamali [2-tomdyq], 1-tom [Optional in 2 volumes. Vol. 1]*. Almaty: Qainar [in Kazakh].
- 10 «Turk Suzi» qazeti [Turkish word]. 1918, Mai [in Kazakh].
- 11 Kuran, A.B. (1948). *Inkilap tarihimiz ve Ittihat ve teraki [Our revolution history and ittihat and progress]*. Istanbul [in Turkish].
- 12 Kydyrshayev, A.K. (1995). A. Baitursynulynyn adistemelik murasy [Methodological heritage of A. Baitursynuly]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 13 Kosenova, R. (1997). Pedagogicheskie vzgliady M. Zhumabaeva [Pedagogical views of M. Zhumabayev]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty [in Russian].

S. Abildina<sup>1\*</sup>, K. Kopbalina<sup>2</sup>, V. Musina<sup>3</sup>, A. Beisenbayeva<sup>4</sup>

<sup>1,2,3,4</sup>*Karagandy university of the name of academician E.A.Buketov, Kazakhstan  
(Corresponding author's e-mail: salta-7069@mail.ru)  
Scopus authors ID: 56128026400<sup>1</sup>, 56167615600<sup>2</sup>, 511954734884*

## **Features of assessment of primary school students in the context of updated educational content**

The article discusses the issue of transition of Kazakhstan secondary education to the updated content, reveals the main categories of the updated assessment system: assessment, criterial assessment, formative assessment. One of the goals of assessment is the formation and maintenance of students' motivation for purposeful learning. The introduced criterion assessment system is aimed at developing a student, increasing his motivation to learn. The role of formative assessment, evaluation criteria, feedback for each student and his parents becomes important. The authors formulate a number of features of the introduction of formative evaluation of the learning outcomes of primary school students. The article presents the results of a survey to identify the level of educational motivation of pupils in primary classes in the context of the implementation of criterion assessment. Based on a theoretical analysis of the sources, the results of the survey, the authors draw conclusions. The authors emphasize that the formative assessment conducted in primary school is aimed at working with each student, identifying the achievements of younger students and determining the level of skills and abilities, as well as systematically measuring the educational progress of students, which allows them to more accurately and objectively evaluate the achievements of each child. promotes the growth of the child, taking into account the interests and abilities of the student.

*Keywords:* assessment, criterion assessment, formative assessment, summative assessment, assessment criteria, learning outcomes, feedback, content of education.

### *Introduction*

The development of modern society is accompanied by significant transformations in all areas of activity. Modernization of the modern education system accordingly requires changes in the content and quality of training of specialists of all levels, updating forms, methods and technologies of training.

In the Address of the President to the people of Kazakhstan N.A. Nazarbayev noted that the system and teaching methods of Nazarbayev Intellectual Schools should become a unified standard for public schools. This will be the final stage in the reform of school education. The knowledge assessment system should be based on international standards [1].

To this end, in Kazakhstan over the past five years, programs have been developed based on an updated standard for educational content. Since September 2015, the Program for updating the content of primary education has been successfully tested in 30 pilot schools, which include urban, rural and small schools. The approbation of educational programs brought positive learning results, and since September 2016, in all secondary schools of Kazakhstan in the first grades, a transition to an updated standard for the content of education was made [2].

A distinctive feature of updating the content is not the amount of students' knowledge on individual topics, but the real learning outcomes, as well as the skills and abilities of students to apply their knowledge in real situations. At the same time, the main task of the teacher becomes the organization of such an educational space in which students switch to self-regulatory training.

In the framework of updating the content of education, an integrative approach is being implemented, which ensures the continuity of the content of education in curricula in subjects on the principle of «spirality», that is, each goal, topic of study after a certain academic period is reviewed repeatedly with a gradual deepening or complication of the volume of knowledge and skills.

The classification of the expected results according to Bloom's taxonomy: «knows», «understands», «applies», «analyzes», «synthesizes», «evaluates» ensures the unity of the research, cognitive, practical and emotional and aesthetic ways of understanding the world. In addition, it promotes the development of critical thinking skills (analysis, synthesis, evaluation). Interdisciplinary communication, a practical orientation, and a direct relationship between the content of academic subjects and real life contribute to the development of a holistic perception of environmental reality and functional literacy among students [3].

An analysis of the state of the Kazakhstan system for assessing student learning in comparison with other countries showed that the 5-point assessment system does not adequately reflect the real level of students' knowledge, but it is not a generally accepted world system. In most countries of the world, there is a wider grading scale: from 6 (Poland) to 100-point (Japan), which allows teachers to show the nuances in his educational activities, encourages the student to try.

The main goal of the education system is to create conditions for the development of students. To achieve academic independence, initiative and responsibility of a primary school student, the control and evaluation independence of the child is of particular importance, that is, the ability to independently monitor and evaluate their activities, the activities of classmates, to identify and eliminate the causes of educational difficulties. The formation of this skill is ensured by the systematic use of formative assessment in everyday practice.

### *Materials and Methods*

In our opinion, in the context of the transition to an updated educational content, the approach to assessing student achievement contributes to the positive overcoming of problems in learning, individualization of the educational process, increasing educational motivation, and the formation of students' self-regulation.

The main categories of the updated assessment system should be considered: assessment, criteria-based assessment, formative assessment, etc. It would be advisable to consider the content of these categories, presented by normative documents of the education system.

Criteria assessment is the process of correlating the learning outcomes actually achieved by students with the expected learning outcomes based on criteria developed.

Evaluation criteria are statements that allow teachers and students to recognize whether the learning objective has been achieved with formative assessment (success criteria), and statements that allow students to evaluate student performance in internal summative assessment [4].

In elementary school conditions, the objectivity of the marks given to students is determined by the evaluation criteria, which are conditionally divided into three groups:

1. A substantial group of assessment criteria implies completeness, generalization, systematicity, correctness, meaningfulness of knowledge, etc.
2. The activity group of criteria is aimed at assessing the strength, effectiveness of knowledge, mental operations, special subject, intellectual, general educational, research and other skills.
3. The personal group of criteria includes the assessment of such personality traits as activity, independence, self-esteem, criticality, motivation for learning, etc. [5].

The above groups of assessment criteria are aimed at learning outcomes, which are a confirmed assessment of the amount of knowledge, skills, acquired, demonstrated to the student in mastering the educational program, and the formed values and attitudes.

In the framework of criteria-based assessment, summarized and formative (formative) assessment are distinguished.

Summary assessment — a type of assessment that is carried out at the end of a certain academic period (quarter, trimester, academic year), as well as the study of sections in accordance with the curriculum.

Summative assessment involves the collection of information to provide teachers, students and parents about the progress of students at the completion of sections, cross-cutting topics of the curriculum, a specific educational period with scoring and grades.

This type of assessment allows you to determine the level of assimilation of the content of the curriculum for a certain period and use the information obtained from the results of summative assessment for planning, correction and analysis of the learning process. The total work of students and the portfolio are a means of fixing, accumulating and evaluating the individual achievements of the student in a certain period of his education, which can help in determining the direction of development of students, with advice from teachers and other specialists.

